

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ ЭТИКА КОДЕКСІ

Денсаулық сақтау қызметкерінің Этика кодексі (бұдан әрі - Кодекс) кәсіби медициналық қызметін жүзеге асыру кезінде медициналық және әлеуметтік қызметкердің (бұдан әрі – денсаулық сақтау қызметкері) мінез-құлқының этикалық нормалары мен қағидаттарының жиынтығымен анықталаты құжат болып табылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 30 тарауының 274 бабы негізінде әзірленген.

Осы Кодекс денсаулық сақтау қызметкерлері, қоғам мен пациент арасындағы қарым-қатынасты анықтайды және тұлғаның және тұтастай алғанда қоғамның құқықтарын, қадір-қасиеті мен денсаулығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ денсаулық сақтау қызметкерінің қоғам алдындағы өз қызметі үшін жоғары моральдық жауапкершілігін айқындайды.

### 1- ТАРАУ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің Этика кодексі медициналық және әлеуметтік қызметкердің қоғам алдындағы өз қызметі үшін жоғары моральдық жауапкершілігін айқындайды.

Денсаулық сақтау қызметкерлері өз қызметінде мынадай моральдық және этика қағидаттарын басшылыққа алуға:

- 1) осы Кодекс пен Ар-намыс Кодексіні басшылыққа алуға;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын нығайтуға жәрдемдесуге;
- 3) тек қана пациенттің мүдделеріне шешім қабылдауға;
- 4) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау қызметкерінің жоғары атағына кір келтіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;
- 5) өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы атқаруға;
- 6) өзінің кәсіптік білімін үздіксіз жетілдіруге;
- 7) өзінің жеке пайдасын басшылыққа алып, профилактика мен емдеудің әдістері мен құралдарын жарнамалауға және пайдалануға жол бермеуге;
- 8) еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтауға;
- 9) денсаулық сақтау ұйымдарының мүлкіне ұқыпты қарауға және оны тиімді пайдалануға;
- 10) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;
- 11) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және жеке басының өзге де мақсаттарына пайдалануға жол бермеуге;
- 12) жеке басының үлгісімен ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға ықпал етуге;
- 13) басқа да медицина және фармацевтика қызметкерлерінің тарапынан Ар-намыс Кодексінің нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуге;
- 14) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде белгіленген киім нысанын сақтауға тиіс.

#### **Пациенттермен қарым- қатынаста денсаулық сақтау қызметкерлері:**

- 1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе кезкелген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 2) мұқтаж болған әрбір адамға медициналық көмек көрсетуге;
- 3) адам өмірін сақтау өзінің борышы екенін әрдайым есте ұстауға;
- 4) азаматтардың мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін нығайтуға жәрдемдесуге;

5) пациенттерге қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермеуге, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттердің жолын кесу жөнінде күш-жігер жұмсауға;

6) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан негізделген сын айтылуына жол бермеуге, сынға сабырлылықпен қарауға, сындарлы сынды өзінің кәсіптік қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін пайдалануға тиіс.

#### **Әріптестерімен қарым-қатынаста денсаулық сақтау қызметкерлері:**

1) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, сыпайылық пен биязылық танытуға;

2) пациенттің мүддесі талап етсе, риясыз көмек көрсетуден бас тартпауға және әріптестерінен кеңес сұрауға;

3) басқа медицина және фармацевтика қызметкерінің кәсіптік біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмеуге;

4) Қазақстандық медицинаның дәстүрлерін және жетістіктерін байытуға тиіс.

Денсаулық сақтау қызметкері өзінің біліктілігі мен құзыреттілігіне сәйкес азаматтардың денсаулығын сақтау ісіне, өзі көрсететін көмегінің ең жоғары деңгейдегі сапасын қамтамасыз етуге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

Денсаулық сақтау қызметкері жынысына, жасына, нәсіліне және ұлтына, тұратын жеріне, әлеуметтік мәртебесіне, діни және саяси сеніміне, сондай-ақ өзге де медициналық факторларға қарамастан кез келген адамға медициналық көмек көрсетуге міндетті.

Денсаулық сақтау қызметкері қолда бар ресурстар шегінде өзінің біліктілігіне, лауазымдық нұсқаулықтары мен қызметтік міндеттеріне сәйкес медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне, оның ішінде моральдық та жауапкершілік артады.

Денсаулық сақтау қызметкерінің моральдық міндеттері медицина қауымдастығы қатарының тазалығын сақтау, өзі әріптестерінің де, сонымен қатар өзінің де қателіктерін алаламай талдау. Пациенттердің денсаулығына зиян келтіретін ар-ұятсыз және құзыретсіз әріптестерінің, сондай-ақ әр түрлі кәсіби емес емшілердің практикасына кедергі келтіру.

Ол медициналық және әлеуметтік қызметкердің қоғамдағы ролін ескере келіп, әсіресе саламатты өмір салты насихатталатын қоғамдық іс-шараларды қолдауы және оған белсенді түрде қатысуы тиіс.

## **II ТАРАУ**

### **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕР**

1. Денсаулық сақтау қызметкеріне білімі мен атқарып отырған жағдайына қиянат жасау өзінің кәсіби қызметіне сыйыспайды.

Денсаулық сақтау қызметкері:

- өз білімі мен мүмкіндігін адамгершіліксіз мақсатқа пайдалануға;

- жеткіліксіз негіздемен медициналық шараларды қабылдауға немесе осылардан бас тартуға;

- пациентке, сондай-ақ үшінші тұлғаның мүддесі үшін, оны жазалау мақсатында медициналық әсер ету әдістерін пайдалануға;

- пациентке өзінің философиялық, діни және саяси көзқарастарын тануға;  
- әдейі ниетте емес, салақтығынан емес және осындай зиян келтірген үшінші тұлғаның іс-әрекетіне енжар қарауынан пациентке физикалық, адамгершілік немесе материалдық жағынан зиян келтіруге құқысыз.

2. Денсаулық сақтау қызметкерінің жекелей наным-сенімі мен өзге де кәсіби емес дәлелдері диагностикалау мен емдеуге әсер етпеуге тиіс.

3. Пациенттің ұсынылған ақылы медициналық көрсетілетін қызметтен бас тартуы, оған ҚР заңнамасымен белгіленген, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында тегін берілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігінің, түрлерінің азаюының себебі болуға тиісті емес.

4. Пациенттерден және пациенттерге сыйлық беру өте құпталмайды, өйткені сыйлық бермеген және сыйлық алмаған пациенттердің ойында өздеріне аз қамқорлық жасайды деген әсер қалдыруы мүмкін. Сыйлықтар көрсетілген қызметі үшін айырбас ретінде

3

табысталуға немесе қабыл алынуына тиісті емес. Сыйлықты қолма-қол ақша немесе бағалы сыйлық түрінде алуға тыйым салынады.

5. Денсаулық сақтау қызметкерінің өзінің атқарып отырған жағдайын, пациенттің эмоциональдық хал – ахуалын пайдаланып, онымен мүліктік мәмілелер жасасуға, өзінің жеке басының мақсаты үшін оның еңбегін пайдалануға, сондай-ақ бопсалаумен және паракорлықпен айналысуына құқығы жоқ.

6. Денсаулық сақтау қызметкері емдеу курсына тағайындау кезінде пайдаланылатын дәрі-дәрмек препараттары, медициналық бұйымдары туралы дәйексіз, толымсыз немесе жаңсақ ақпарат беруге, оның ішінде бұлардан мейлінше арзан бағада бар дәрі-дәрмек препараттарын, медициналық бұйымдарын жасырып қалуға құқысыз.

7. Денсаулық сақтау қызметкері дәрі-дәрмек препараттарын дайындаушы және таратушы фирмалардан, оның ұсынған дәрі-дәрмегін тағайындағыны үшін көтермелеу: медицина ұйымының аумағында компанияның логотипі бар заттарын немесе дәрі-дәрмек препаратының, медициналық бұйымның сауда атауын пайдалануға қабылдамауы тиіс.

8. Денсаулық сақтау қызметкері лауазымдық міндеттерін орындау кезінде саламаттылығын сақтауға және оған деген өзіне ұдайы құмарлықты тудыратын қайсы-бір заттардың әсерінде болмауға тиіс.

9. Кәсіби тәуелсіздік

Денсаулық сақтау қызметкерінің құқығы мен парызы - өзінің кәсіби тәуелсіздігін сақтау. Нәрестелер мен қарттарға, мүгедектерге, әскери қызметшілер мен азаматтық жандарға, жоғары дәрежедегі басшылар мен тұлғаларға, қамауда ұсталған адамдарға медициналық және әлеуметтік көмек көрсете отырып, денсаулық сақтау қызметкері өзіне кәсіби шешім қабылдауға түгелдей толық жауапкершілік алады, сондықтан да әкімшіліктің, пациенттердің немесе өзге де тұлғалардың тарапынан кез келген қысым жасау талпыныстарын құптамауға міндетті.

10. Денсаулық сақтау қызметкері, егер өзінен Қазақстан Республикасының заңнамасына, этика қағидаттарына, кәсіби парызына қайшы келетін іс-әрекеттер талап ететін болса, кез келген жеке немесе заңды тұлғамен қарым-қатынас жасаудан бас тартуға тиіс.

11. Денсаулық сақтау қызметкері сараптамаларға, консилиумдарға, комиссияларға, консультацияларға және т.с қатыса отырып, өзінің ұстанымы туралы айқын да ашық мәлімдеуге, өз көзқарасында табандылық танытуға, ал өзіне қысым көрсетілген жағдайда - заңмен және қоғамдық қорғалуға жүгінуге міндетті.

### ІІІ ТАРАУ

#### ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРІ МЕН ПАЦИЕНТТІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

1. Пациенттің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Денсаулық сақтау қызметкері пациенттің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, оған және оның жақындарына ілтипатпен және төзімділікпен қарауға тиіс. Пациентке дөрекілікпен қараушылыққа, оның адами қадір-қасиетін кемсітушілікке, сондай-ақ денсаулық сақтау қызметкері тарапынан пациенттердің қайсы-біріне үстемдік немесе артықшылық берудің немесе ұнатпаудың кез-келген көріністеріне жол берілмейді.

2. Медициналық және әлеуметтік көмек көрсетудің жағдайлары.

Денсаулық сақтау қызметкері пациенттің бостандығы мен қадір-қасиетінің ықтимал ең төменгі қысымдық жағдайында медициналық және әлеуметтік көмек көрсетуге тиіс.

3. Мүдделердің келіспеушілігі

Пациент-қоғамның, пациент-отбасының және т.с. мүдделерінің келіспеушілігі туындаған кезде денсаулық сақтау қызметкері, егер тек осыны іске асыру пациенттің өзіне немесе айналадағыларға тікелей зиян келтірмейтін болса, пациенттің мүдделеріне артықшылық беруге тиіс.

4. Медициналық құпия.

Пациент денсаулық сақтау қызметкерінің оған берілген жеке басының бүкіл медициналық және ақпараттың құпиясын сақтайтынына сенім артуына құқылы. Денсаулық сақтау қызметкерінің оның өзінің медициналық көмекке жүгіну фактісін де камтитын, тексеріп-қарау және емдеу барысында алынған мәліметтерді пациенттің немесе оның заңды өкілінің рұқсатынсыз ашып жария етуге құқығы жоқ. Денсаулық сақтау қызметкері

4  
медициналық құпияны ашып жария етуге бөгеу болатын шаралар қабылдауға тиіс. Пациенттің өлімі медициналық құпияны сақтау міндеттерінен босатпайды. Медициналық құпияны ашып жария етуге Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда жол беріледі.

5. Өлім халінде жатқан пациентті моральдық қолдау. Денсаулық сақтау қызметкерінің хал үстіндегі адамның қайғысын барлық қолжетімді және заңды тәсілдерімен жеңілдетуге міндетті.

Денсаулық сақтау қызметкері пациентке өзінің қалауына қарай, кез келген діни конфессия қызметшісінің діни қолдауын пайдалану құқығына кепілдік беруге міндетті.

6. Денсаулық сақтау қызметкерінің таңдауы

Денсаулық сақтау қызметкерінің, пациенттің өзін одан әрі емдеуді немесе патронажды басқа маманға сенім білдіру жөніндегі ұйғарымына кедергі келтіруге құқығы жоқ.

Денсаулық сақтау қызметкері пациентті басқа маманға жолдай отырып, онымен жұмыс істеуден мынадай жағдайларда бас тарта алады:

- егер өзін жеткіліксіз құзыретті деп сезінсе, көмектің тиісті түрін көрсету үшін қажетті техникалық мүмкіндіктері қолында болмаса;

- медициналық және әлеуметтік көмектің осы түрі маманның адамгершілік қағидаттарына қайшы келсе;

- егер емдеу және тексеріп-қарау тұрғысында пациентпен немесе оның туысқандарымен қарама-қайшылық орын алса.

#### IV ТАРАУ

##### МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

1. Әріптестерімен арасындағы өзара қарым-қатынас.

Денсаулық сақтау қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынас өзара құрмет пен сенімге құрылуға және пациенттің мүдделерін сақтаумен ерекшеленуге тиіс. Денсаулық сақтау қызметкері әріптестерімен өзара қарым-қатынаста адал, әділ, тілеулес, салиқалы болуға, олардың білімі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға, сондай-ақ оларға өзінің тәжірибесі мен білімін риясыз үйретуге әзір болуға тиіс.

Басқа да қызметкерлерге басшылық етудің моральдық құқығы кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейі мен биік адамгершілікті талап етеді. Әріптестерінің атына сын дәлелді және қорламауға тиіс. Сынға, алайда әріптестерінің тұлғасына емес, кәсіби іс-әрекет болуға тиіс. Әріптестерінің қадірін түсіру жолымен өзінің беделін нығайтуға жол берілмейді. Денсаулық сақтау қызметкерінің пациенттер мен олардың туысқандарының көзінше өзінің әріптестері және олардың жұмысы туралы жағымсыз пікір айтуға жол беруге құқығы жоқ.

2. Медицина мейірбикесі дәрігермен тағайындалған медициналық амалдарды дәлме-дәл және білікті түрде жүргізуге міндетті. Жоғары кәсіби мейірбикесі – мейірбике мен дәрігердің жолдастық, алқалық өзара қарым-қатынасының аса маңызды факторы.

Дәрігер мен мейірбикенің өздері кәсіби міндеттерін атқару кезіндегі өзара қарым-қатынасының әулеттенуі, қызметтік емес сипат алуы медицина этикасымен айыпталады. Егер мейірбике дәрігердің емдеу ұсынымдарының орындылығына шүбә келтірсе, онда ол осы жағдайды алдымен дәрігердің өзімен, ал күдіктенуі сақталған жағдайда және содан кейін жоғары тұрған басшылықпен әдепті түрде талқылауға тиіс.

#### V ТАРАУ

##### ЭТИКА КОДЕКСІ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ ШЕГІ, ОНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, ОНЫ ҚАЙТА ҚАРАУ ТӘРТІБІ

1. Этика кодексінің қолданылуы.

Осы кодекс «Маңғыстау облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ МКК шегінде қолданылады және қызметкерлері үшін міндетті күшіне ие.

2. Кәсіпорын қызметкерінің жауапкершілігі.

Кәсіби этиканы бұзғаны үшін жауапкершілік дәрежесін медициналық көмектің сапасын басқару қызметінің комиссиясымен және тәртіптік комиссиямен анықталады. Егер этика нормаларын бұзушылық бір мезгілде құқықтық нормаларын қозғайтын болса, қызметкер ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілік артады.

3. Кодекссті қайта қарау және түсіндіру.

Осы Кодекстің жекелеген ережелерін қайта қарауды және түсіндіруді, кәсіподақ қызметкерлерінің ұсыныстарын ескере отырып, медициналық көмектің сапасын басқару қызметінің комиссиясы жүзеге асырылады.